

Шектеу іс-шараларды тоқтату туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы Тобыл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 28 қазандағы № 3 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес және Денисов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2015 жылғы 27 қазандағы № 01-26/340 ұсынысы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Қостанай облысы Денисов ауданы Тобыл ауылдық округінің Глебовка ауылында орналасқан ірі қара малдың бруцеллез ауруынан таза емес "Тобольское-1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мал шаруашылығының кешені аумағынан шектеу іс-шаралары 2015 жылғы 28 қазаннан бастап тоқтатылсын.

2. Тобыл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 2 "Шектеу іс-шараларды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 5727 болып тіркелген, "Наше время" газетінде 2015 жылғы 23 шілдеде жарияланған) ш е ш і м і н і ң к ү ш і ж о й ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

И. Щуришин